

Келес аудандық білім бөліміне қарасты  
№3 «Көркем» бөбекжай бақшасында өткізілген өндірістік кеңесінің

№1 Хаттамасы

Қатысқан -35  
Қатыспаған -

05- қыркүйек  
2023 жыл

**Күн тәртібінде**

1. Откен оку жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмыстарды қорытындылау.
2. Еңбек қорғау және еңбек қауіпсіздік ережелеріне нұсқау беру.
3. Кәсіподақ ұйымының жылдық есебі

Сөз алғандар: Ж.Абдикаримова  
(менгеруші)  
А.Калмурзаева  
(әдіскер)  
Ж.Сейтова  
(кәсіподақ комитетінің төрайымы)

Тыңдалды: Бірініш мәселе бойынша балабақша менгерушісі Ж.И.Абдикаримова, балабақшаның материалдық-техникалық базасының жағдайын толығымен көріп, жаңарту керектігін айтып өтті. Алдағы уақытта балабақшаның материалдық-техникалық базасы жаңартылып, реттелетінін алға тартты.

Балабақша қызметкерлерін ішкі еңбек тәртібімен таныстырыды. Ол өз сөзін – «Осы ережелер Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес бекітілді. Ережелердің маңызы – мектепке дейінгі мекеме ұйымының жұмысын тиімді үйімдастыруға ықпал ету, еңбек тәртібін нығайту» - деп аяқтады.

Екінші мәселе балалар өмірі мен деңсаулығын қорғау нұсқаулығымен балабақша әдіскері А.Калмурзаева таныстырыды.

Балалардың өмірі мен деңсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау бала бақшасының барлық тәрбиешілері және қызметкерлері орындауы үшін міндетті болып саналады.

Тәрбиешілер балалардың өмірі мен деңсаулығы үшін дербес жауапкершілікке ие.

Серуендеу кезінде, іс-әрекет кезінде балалармен қауіпсіздік техникасын сқтау, оларды қауіпсіз еңбек әдістерін үйрету.

Жарақат алудан сақтау үшін барлық стационарлық балалар жабдығы, портреттер, картиналар, шкафтар, сөрелер және т.б. еденге немесе қабырғага бекітілуі тиіс деді.

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның кәсіподак комитетінің төрайымы - Ж.Сейтова, кәсіподак үйымының жылдық жұмыстарының қортындысын жасады.

Жылдық жоспарға сәйкес кәсіподак жұмыстары үйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын біліп, бірнеше қызметкерге қаржылай көмек берілді - деп жиналысты қортындылап, қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешімі:

1. Отken оқу жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмыстарды қанағаттанарлық деп бағаланып, алдағы уақытта толықтыру жұмыстары жүргізілсін.
2. Еңбек қорғау және еңбек қауіпсіздік ережелеріне нұсқаулықтар беріліп, қызметкерлер таныстырылсын.
3. Кәсіподак үйымының жылдық есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.

Балабақша менгерушісі:  Ж.Абдикаримова  
Хатшы:  А.Калмурзаева



**Келес аудандық білім бөліміне қарасты**  
**№3 «Көркем» бөбекжай бақшасында өткізілген өндірістік кеңесінің**

**№2 Хаттамасы**

Қатысқан –36

Қатыспаган –

27 - қараша  
2023 жыл

**Күн тәртібінде**

1. Откен өндірістік кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Қызметкерлердің еңбек демалысы кестесін бекіту
3. Оперативті тексеру қорытындысы.  
(Балалардың тамақтануы, тамақ қалдықтарының болмауы)
4. Өргт қауіпсіздігі ережелері жөнінде нұсқау

Сөз алғандар: А.Калмурзаева

(әдіскер)

Ж.Абдикаримова

(менгеруші)

Д.Омарова

(медбике)

Л.Оналбекова

(шаруа менгерушісі)

Тындалды: Балабақша менгерушісі, Ж.Абдикаримова жиналысты ашық деп жарияладап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

Бірінші мәселе бойынша сөз алған бақшамыздың әдіскери – А.Калмурзаева, откен өндірістік кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтты. Откен өндірістік кеңестің шешімінің орындалуын қадағалау үнемі жүргізіліп тұрды. Жұмыс жоспарының негізінде қыргүйек айында топтарда оку жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмыстары қаралды. Тәрбиешілерге осы үрдісті бақылауды бағалау картасы толтыруға ұсынылды. Жұмыс барысын қорытындылай келе тәрбиешілерге бірнеше ұсыныстар берілді:

- Топта қарым – қатынас ережесін сақтау, театрландырылған ойын іс-әрекеттерін қолдану, бос әңгіме мен «құрғақ» уйретуді болдырмау.
- Баланың үстелде өзін ұстау мәдениетіне көніл бөлу, сөздік материалдарды қолданып, тамақ ішу ережелерін сақтауға баулу.

Енбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі ережелеріне нұсқаулықтар берілді, қызметкерлер таныстырылды. Алдағы уақытта, жұмыс барысында әрбір қызметкер еңбек қауіпсіздігін сақтап жұмыс жасауға міндеттелсін.

Кәсіподақ ұйымының жылдық есебі қанағаттанарлық деп бағаланды. Кәсіподақ жұмысы өз жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілсін.

Екінші мәселе бойынша сөз алған бақшамыздың менгерушісі – Ж.Абдикаримова, қызметкерлердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын қызметкерлермен талқылап, бекітті.

Үшінші мәселе бойынша, мейірбикесі – Д.Омарова оперативті тексеру қорытындысы туралы сөз алды. Тазалық, тамақтану, дезинфекция ережесін сақтау күн тәртібін орындау жөнінде тәрбиешілерімен болған жай туралы әңгіме қозғады.

Балабақша мейірбикесі тазалықпен балалардың денінің саулығын тамақтануын басты мақсат деп білді. Күн тәртібімен тығыз байланыста болып тәртіпті бұзбай жұмыс істеулерін талап етті. Барлық топта балалар тамақтанатын ыдыстар хлорланған болуын, ойыншықтардың күнделікті жуылатынын тәрбиешілер айтты.

Төртінші мәселе бойынша Төтенше жағдайлар және өрттен сақтау нұсқауларын таныстыру жөнінде сөз қозғады. Ол өз сөзінде шаруа менгерушісі Л.Оңалбекова былай деді. Құрметті әріптер бірінші дабыл қақыш, дабыл қаққанда балаларды топтан даға алып шығу керек. Топтағы электр көзіндегі тығулы тұрған заттарды суырып, ажыратып, қауіпті жерлердің барлығын тексеріп шығу керек. Өрт шыққан жағдайда 101-ге хабарласамыз. Өрт сөндірушілер өз жұмыстарын жүргізеді.

#### Шешімі:

- 1.Өткен өндірістік кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деңгейде.
- 2.Қызметкерлердің еңбек демалысы кестесін бекітілді.
- 3.Оперативті тексеру қорытындысы бойынша тазалық, тамақтану, дезинфекция ережесін сақтау, күн тәртібін орындау жөнінде есебі қанағаттанарлық деп табылсын. Қадағалау жұмыстары жүргізілсін.
- 4.Өрт қауіпсіздігі ережелері жөнінде нұсқауларымен таныстыру қанағаттанарлық деп табылсын, оны қадағалау шаруа менгерушісіне жүктелсін.

Балабақша менгерушісі:

Хатшы:

Ж.Абдикаримова  
А.Калмурзаева



**Келес аудандық білім бөліміне қарасты  
№3 «Көркем» бөбекжай бақшасында өткізілген өндірістік кеңесінің**

**№3 Хаттамасы**

**Қатысқан –36  
Қатыспаған –**

**25 - қаңтар  
2024 жыл**

**Күн тәртібінде**

- 1.Отken өндірістік кеңес шешімдерінің орындалуы
- 2.Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру(шұғыл тексеру)
- 3.Оперативті тексеру қорытындысы.(Балабақшадағы қызметтік міндеттердің дұрыс орындалуы)
- 4.Төтенше жағдайлар,азаматтық қорғаныс жөнінде нұсқаулар.

**Сөз алғандар: Комиссия мүшелері**

Тындалды: Балабақша менгерушісі, Ж.Абдикаримова жиналысты ашық деп жариялад, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша балбақшаның менгерушісі Ж.Абдикаримова, откен өндірістік кеңес шешімдерінің талапқа сай орындалғанын, өрт қауіпсіздігі жөнінде нұсқаулар берілгенін, сондай-ақ жұмыстар өз деңгейінде жүріп жатқанын айтып қорытындылады.

Екінші мәселе бойынша мәдени-гигиеналық талаптардың орындалуы жайлы бақшаның медбикесі Д.Омарова баяндағы.

Санитарлық-гигиеналық талаптар, дene жаттығуларымен шұғылданатын орындар мен жағдайларды қадағалау – дene тәрбиесіндегі дәрігерлік бақылау жөніндегі жұмыстың негізгі бөлімдерінің бірі, жаттығулар мен спорттық жарыстарды өткізуінде тиісті жағдайларын қамтамассыз етуге көмектеседі. Дене жаттығуларымен шұғылданатын орынды санитарлық-гигиеналық қадағалауга жұмыс жасап тұрған ережелер негізінде мемлекеттік санитарлық инспекцияның жергілікті органдары жүзеге асыратын спорттық құрылыштарды жобалау мен салудағы сактандыратын санитарлық қадағалау және жаттығу орнының ұсталуының белгіленген санитарлық ережелерінің орындалуына күнделікті қадағалау жатады – деді.

Ол сезінде былай деді: Балбақшада балалар үш мезгіл тамақтанады. Таңертенгілік тамақта сүтпен піскен әр түрлі ботқалар, сары май мен нан, тәтті шэй.

Түскі тамаққа дәруменді салаттар, кампот және I-ші сұйық тамақ, II-ші қою тамақ беріледі.

Бесін асқа жеңіл әр күні әртүрлі бөлішкелер, печенье, бауырсактар беріледі. Ас қалдығы көп болмайды. Қалдықтарды арнайы ыдысқа құйыш сыртқа шығарылады. Топтардағы балалардың ыдыстары белгілері түгелденген.

Үшінші мәселе бойынша сөз алған балбақшаның менгерушісі

Ж.Абдикаимова былай деді: Балбақшадағы әрбір қызметкер өз міндеттерін дұрыс орындауды тиіс. Яғни оку жылының басында әр жұмыскерге, лауазым иелеріне міндеттері туралы жазылып берілген болатын. Міне соған сәйкес жұмыс жүргізіліп отыр. Атап айттар болсам, мекеме аспазшысы мынадай лауазымдық міндеттерді білуі шарт;

Режимге сәйкес тағам түрлерінің дер кезінде әрі сапалы дайындалуын қамтамасыз етуді. Күн сайын ас мәзірлерін жасауды. Қоймашыдан азық-түлік өнімдерін белгіленген мәлшеріне сәйкес дәлме-дәл өлшеп алады. Азық-түліктің сапалы болуын қадағалайды. Ас үйдің, ыдыс-аяқтар мен барлық ас үйлік инвентарлардың тиісті жағдайда таза ұсталуын қамтамассыз етеді.

Азық-түлік өнімдерінің дұрыс сақталып, орнымен жұмсалуын қамтамассыз етеді.

Азық-түліктің гигиеналық өндөуден өткізілуін тағам түрлерінің дастарханға мәдениетті түрде қойылуын қадағалайды.

Мекеме музыкалық жетекшісінің міндеті: Балаларға музыкалық тәрбие беру мен эстетикалық дамуды іске асырады.

Музыкалық сабактар мен мәдени көпшілік іс-шараларды үйимдастырады. Балалармен жұмыс істеуде озық тәжірибе енгізеді, - деп сөзін қорытындылады.

Төртінші мәселе бойынша балбақшаның шаруашылық менгерушісі Л.Оңалбекова былай деді: Балаларға арналған ғимараттарда кемінде екі эвакуациялық тікелей сыртқа шығу жолы болуы керек. Мектепке дейінгі балалар мекемелерін тұрғын және қоғамдық үй-жайларға бейім ғимараттарда орналастыруға; жазғы балалар орын алған ағаш ғимараттарда кір жуу орындарын, асханалар орнатуға; жазғы маусымда балалар орналасқан бөлмелерде пеш жағуға, керосиндік және электрқызығырғыш құралдарын қолдануға жол берілмейді. Балаларды өрт сөндіру үшін сумен қамтамасыз етілген саяжайларда орналастыруға жол берілмейді.

Өртке қарсы нұсқаулық үйимдарының жұмыскерлеріне негізгі өрт қауіпсіздігі талаптарын жеткізу, өндірістер мен жабдықтардың технологиялық үдерістерінің өрт қауіптілігін, өрттен қорғау құралдарын, сондай-ақ өрт шыққан жағдайда олардың іс-қимылдарын зерделеу мақсатында жүргізіледі. Өртке қарсы нұсқаулықты өткізу кезінде үйимның қызмет ерекшелігін ескерген жөн. Өртке қарсы нұсқаулықты өткізу үйимдардың жұмыскерлерін мыналармен: үйимда белгіленген өртке қарсы режиммен, сондай-ақ ішкі тәртіп нұсқауларымен және өрт қауіпсіздігі талаптарымен;

Өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық өткізуді есепке алу журналы оқыту, нұсқаулықтар өткізудің белгіленген мерзімдерін сақтау саласында жұмысты бақылау үшін қажет екендігін баса айтты.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

**Шешім:**

1. Отken өндірістік кеңес шешімдерінің орындалуын қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Ас блогының ережелерге сәйкестігін қортындылап тексеру қанағаттанарлық деп табылсын.
3. Оперативті тексеру қортындысы жақсы деп табылсын.
4. Төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс жөнінде нұсқаулар берілсін.  
Қадағалау шаруашылық менгерушісі Л.Оңалбековаға жүктелсін

Балабақша менгерушісі:  
Хатшы:



Ж.Абдикаримова  
А.Калмурзаева

**Келес аудандық білім бөліміне қарасты**  
**№3 «Көркем» бебекшай бақшасында өткізілген өндірістік кеңесінің**

**№4 Хаттамасы**

**Қатысқан –36**

**Қатыспаған –**

**15 - наурыз  
2024 жыл**

**Күн тәртібінде**

1. Откен өндірістік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру
3. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.
4. Балабақшаның ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру

**Сөз алғандар: Менгеруші  
әдіскер  
комиссия мүшелері**

Тындалды: Бірінші мәселе бойынша балабақшаның менгерушісі Ж.Абдикаримова, откен оқу жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасының нығайтылғандығын, жұмыстар қарқынды жүргізілгенін қортындылады.

Екінші мәселе бойынша бақшаның әдіскері А.Калмурзаева жазғы сауықтыру шараларын тұзу бойынша былай деді:

Бала – біздің болашағымыз. Болашақ балаларды дені сау етіп тәрбиелеу, қоғамызыда үлкен маңызды мәселелердің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалардың қимылды әрекеттері арқылы, олардың әдемі, ақылды, күшті, сымбатты болып өсуіне әсер ету, адамның денсаулығын сақтап, нығайтудағы көңіл-күйдің тигізетін әсері де мол.

Балабақшада жазғы сауықтару маусымында балаларды салауаттылықта тәрбиелеп, спортқа әуестендіру. Тазалықта және күн тәртібі ережелерін сактай білуге тәрбиелеу мақсатында өткізілетін сабакта түрлі-түсті ленталар, бүктемелер, тазалық туралы суреттер, көкөністер мен жемістер суреттері, өлең, тақпак, жұмбақтар жаттап оқиды. балалар суға шомылады, күнге қыздырынады, таңертен жаттығу жасайды.

Үшінші мәселе балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен балабақша әдіскері А.Калмурзаева таныстыруды.

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау бала бақшасының барлық тәрбиешілері және қызметкерлері орындауы үшін міндетті болып саналды.

Тәрбиешілер балалардың өмірі мен денсаулығы үшін дербес жауапкершілікке ие. Серуендеу кезінде, іс-әрекет кезінде балалармен қауіпсіздік техникасын сақтау, оларды қауіпсіз еңбек әдістерін үйрету.

Жарақат алушанда сақтану үшін барлық стационарлық балалар жабдығы, портреттер, картиналар, шкафтар, сөрелер және т.б. еденге немесе қабырғага бекітілуі тиіс деді.

Төртінші мәселе бойынша, балабақшаның шаруашылық менгерушісі Л.Оңалбекова, ағымдағы оку жылында жөндеу жұмыстары жоспарланғандығыг және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілетіндігін мәлімдеді.

Жиналыс сонында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

**Шешім:**

1. Отken өндірістік кеңес қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.
2. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының жоспары түзілсін. Қадағалау жұмыстары әдіскер А.Калмурзаеваға міндеттелсін.
3. Балабақшада балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатаң көңіл бөлінсін.
4. Балабақшаның ағымдағы жөндеу жұмыстарын дайындалып, үйимдастырылып, сметалық күжаттар жасалынсын.

Балабақша менгерушісі:

Ж.Абдикаримова

Хатшы:

А.Калмурзаева

